



Марфуға Айтхожина



Марфуға Айтқожина

- ❖ 1936 жылы 25 тамызда Құлжа қаласында (ҚХР) дүниеге келген.
- ❖ "Жыр аққуы" атанған, қазақтың белгілі ақыны.

- 1956 жылы Құлжадағы қыздар гимназиясын бітіреді.
- 1958 жылы атамекенге оралады.
- 1965 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін;
- 1971 жылы Мәскеудегі жоғары әдеби курсты бітірген.
- 1961-1969 жылдары "Қазақ әдебиеті", "Қазақстан мұғалімі" газеттерінде әдеби қызметкер болып істеген.



60-жылдардан бері бүгінгі
күнге дейін жиырма бес жыр
жинағы шыққан.

Алғашқы өлеңдер жинағы
"Балқұрақ" деген атпен 1962
жылы жарияланған.

Өлеңдері:

- "Балқұрақ"
- "Шыңдағы жазу"
- "Жастық шақ"
- "Аққуым менің"
- "Қаракөз айым"
- "Баянжүрек"
- "Көзімнің қарасы"
- "Ақ бесігім"
- "Жарқыра, менің жұлдызым"
- "Қыран жеткен"
- "Таңдамалы"
- "Сағыныш сазы"
- "Жапырақ сілкінген кеш"



**Қаншама артық болса да басқа қала
Жетер ме өз туған жер тас қораңа?
Алыс жүрсең құс болып сағынышың
Құшақтай ма жартасы, жастана ма?
Әлде оған сырлы ыстық жас тама
ма?**

**Әлде одан көтере ме алғаш рет?
Шырылдап жатқаныңда асқақ ана
Әлде адам сарқып барып бар
тірлігін**

Бір уыс топырағын жастана ма?!

КҮРЕҢ ШАЙ

Жеңеше, шайыңды әкел қаймақтаған,
Күрең шайдан ұрттасам қайраттанам.

Шілдеде де шөліңді қандыратын,

Бәрінен де сол шәйің әйбәт маған.

Жеңеше, шайыңды әкел қаймақтаған,
Біз бе екенбіз мал ұстап, қой бақпаған.

Қойдың сүті қосылған күрең шәй ғой,

Қасіретті де бір сәтке ойлатпаған.

Жеңеше, шайыңды әкел қаймақтаған,

Бетінде дөңгеленген сайғақ далам,

Сияқты бір түсі де әдемі екен –

Қызыл нұр, қызыл жүзде ойнап қалған.

Шаршап, талып келгенде малын бағып,

Кең жазира ыстықтан сағымданып,

Құрт шетінен бір тістеп ішкен шәй ғой,

Қалатұғын бір сәтке жаныңды алып.

Орыс тіліндегі шығармалары:

- "Утверждение"
- "Голубые голуби"
- "Струна степей"
- "Горсть земли"
- "Украшение коня"
- "Летние росы"



Бывают глаза от которых на сердце лучисто,
В них взглянет поэт — и к нему
вдохновенье стучится.

Бывают глаза — в глубине их таятся раздумья,
С раздумьями рядом — печали бездонны и чисты.
Бывают глаза — околдуют невиданным светом,
Лишь в душу заглянут и сменится
сумрак рассветом.


Бывают глаза, обдающие пламенем жарким.
Бывают глаза — рядом с ними
замёрзнешь и летом.

Бывают глаза, равнодушно глядящие мимо.
Бывают глаза — к ним влечёт тебя
Необъяснимо.

И эти глаза, вдохновенье несущие людям,
Пусть будут бессмертны, пусть будут

Жетістіктері:

- 2002 жылы "Аңсау" атты жыр жинағына **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы** берілді.
- "Құрмет белгісі"** ордені
- "Парасат"** ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.
- Болгарияның **"Достық"** медалімен марапатталған.
- «**Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл**» медалімен марапатталған.





Назарларыңызға рақмет!